

**Утегенова Асельдің «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік
жағдаят» диссертациясының
АҢДАТПАСЫ**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Әлемдік деңгейдегі кеңістіктік қарым-қатынастардың өзгеруі мен шекаралардың ашылуы әлеуметтік-экономикалық байланыстардың мазмұнын, құрылымын өзгертумен қатар, тілдердің де қолданыс аясына өз әсерін тигізді. Халықаралық тілдер жаһандану кезінде виртуалды қарым-қатынас арқылы кеңінен етек жайып, белсенді қолданысқа ие болып жатса, бұрынғы кеңес өкіметі құрамындағы елдер тәуелсіздік алған соң, мемлекеттік тілдері жұтылып кетпес үшін алдыңғы қатарлы тілдердің шабуылына тойтарыс беруге күштерін жұмсауда. Яғни жаһандануда әр мемлекет экономикалық жағдайын дамытумен қатар мемлекет құраушы этностың өзіндік ұлттық болмысын сақтай отырып, ұлттық тілін, дәстүрін қуатты етуге ұмтылуда. Осындай елеулі өзгерістердің толқынында Қазақстан Республикасының да тілдік өмірінде серпінді қадамдар жасалып, мемлекет құраушы қазақ ұлтының тілі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтуға, сонымен қатар елдегі этностардың ана тілдерін сақтап, оларды дамытуға арналған тілдік саясат жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні еліміздің жаңашыл тілдік саясатының жарқын көрінісі ретінде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік тілдің маңызы «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік мәртебе берілген тіл және титулды ұлттың тілі ретінде айрықша құндылық болып саналады. Ол – Қазақстанда тұратын барлық этностарды тұтастырушы фактор және елдің барлық рухани қазынасының қайнар көзі. Сондықтан қазақ тілін меңгеру, осы тілде сөйлеу және қызмет ету барлық азаматтардың бірін-бірі еркін түсінуіне, отаншылдық сезімнің қалыптасуына, Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауына алғышарттар қалыптастырады», -деп көрсетілсе, бағдарламаның ұлтаралық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған мақсаты «Мемлекеттік бағдарлама этникалық топтардың да тілі мен мәдениетін дамытуға, оның ішінде ел азаматтарының лингвистикалық капиталын арттыруға қолайлы жағдай жасауға негіз болып табылады», - деп белгіленген [1].

Еліміздің тілдік өміріндегі өзгерістердің бірі ретінде 2007 жылы алғаш сөз етілген, ал 2009 жылы іске асырылған «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын айтуға болады. Оның мақсаты елдің тілдік жағдаятына үштілділікті енгізіп, оны дамыту болатын. Осыған байланысты 2010 жылы ҚР тілдік білім беру тұжырымдамасы мен 2010 жылы «Үштұғырлы тіл (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жоғары білім» білім стандарты жасақталып, іске қосылды [2]. Аталмыш тұжырымдама мен стандарттың мақсаты үштұғырлы тіл (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) компонентінің негізінде құрылған тілдік білім берудің әмбебап жүйесін бірдей ғылыми-теориялық платформа және отандық, халықаралық білім беру модельдері арқылы үйлестіру болып табылады. Бүгінде осы тұжырымдама мен стандарттың негізінде жоғары оқу орындарында үш тілді

меңгеретін мамандар дайындауды мақсат еткен көптілді білім беру үдерісі қарқынды жүріп жатыр. Қазақстан Республикасының тілдік саясатының мақсаты мемлекеттік тілдің өз орнында толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ете отырып, елдегі ұлттардың тілдерін қолдау болып табылады.

Бүгінде мемлекетіміздегі барлық этностардың ана тілдерінің дамуына жағдай жасалған. Тілдік саясаттың өзегі – тілдік және этнотілдік жағдаяттардың даму өрісін айқындап отыру. Тілдік және этнотілдік жағдаяттарға жүйелі түрде зерттеу жүргізіп отыру қажетті тілдік шараларды жасауға ғылыми-әдістемелік тұрғыдан арқау бола алады. Қазақстандағы тілдік және этнотілдік жағдаят бір қарағанда бірдей сипатта болып көрінуі мүмкін, алайда ел өңірлерінде әртүрлі орналасқан этностардың саны, кеңістікте орналасуы мен тілдердің қолданыс аясы, сапасы ерекшеленіп келеді. Өйткені елдегі бес өңірдің (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс, орталық) тілдік және этнотілдік жағдаяттарының өзіндік ерекшеленетін тұстары баршылық. Осы орайда бүгінгі күні көрсетіліп отырған өңірлердің ерекшеліктерін ескерген әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер аз екенін атап өтуге болады. Соның ішінде елдің мұнайлы өлкесі, дүние жүзінде хром шығарудан 2-орынға ие кен байыту комбинаты орналасқан, әлеуметтік-экономикалық, географиялық сипаты да ерекшеленетін, еліміздегі халықаралық шекаралары бар Каспий теңізі және теңіз айлағымен елдің теңіз жолын қамтамасыз етіп отырған, экономикалық тұрғыдан әлді өңір, тарихи-мәдени сипатымен де ерекшеленетін, этностарының орналасуы мен тілдердің қолданысында өзгешеліктері бар батыс өңірдің (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау) қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаяттары арнайы әлеуметтік лингвистикалық зерттеу нысанына алынбаған.

Зерттеудің өзектілігі. Тілдік және этнотілдік жағдаяттарды зерттеу көп қырлы болады. Сонымен қатар бұл мәселе белгілі бір өңірдің барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, этнодемографиялық құрылымдарымен тікелей байланыста сол өңірдегі этностардың тілдік өмірін, тілдердің әлеуметтік қолданыс рангтерін, өңірдегі қостілділік пен көптілділік түрлерін, тұрғындардың тілдік құзыреттіліктерін анықтауды көздейді. Елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайының маңызды мәселесінің бірі болып табылатын тілдік және этнотілдік жағдаятты зерттеу тілдердің қоғамдық қызметін айқындап, этносаралық қарым-қатынастардың өрбу сипатын танып, нәзік келетін тілдік саясатты әрбір этностың тілдік қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, конструктивті, сауатты, әрбір ұлттың тілдік құқығын қорғай отырып, ешқандай дауға апармай, бейбіт жүзеге асыруға негіз болады. Ал Қазақстанның ірі және маңызды бөлігі болып табылатын батыс өңірдің тілдік және этнотілдік жағдаятының әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделенуі өңірдегі этносаралық қарым-қатынастың шынайы көрінісін танытып, тілдердің өзара қарым-қатынасына ғылыми тұрғыдан баға беруге, мемлекеттік тілдің қызметтік беделін тек қана статистикалық тұрғыдан емес, сондай-ақ тұрғындардың шынайы қолданысына сүйене отырып, жалпы әлеуметтік-саяси ахуалды тануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны: Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік үдерістер.

Зерттеу пәні: Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік үдерістердің қазіргі жай-күйі мен өңірдегі көптілділік жағдайындағы тілдердің өзара әрекеттесуі, бір-біріне әсерлері.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасының батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаятты сипаттау, ерекшеліктерін айқындап, тілдік және этнотілдік үдерістердің тепе-тең жүргізілуіне бағытталған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Мақсатқа сәйкес төмендегі **міндеттер** қойылды:

- тілдік және этнотілдік жағдаяттардың әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретіндегі типологиясы мен жіктелуінің көпқырлылығын қазіргі кездегі теориялық тұжырымдарға сүйене отырып айқындау және тілдердің әлеуметтік салаларда қолданылуы ғана оның өміршеңдігін және әлеуметтік беделін, коммуникативтік қуатын бекітетінін дәлелдеу;

- Қазақстан Республикасының батыс өңірінің қазіргі кездегі тілдік және этнотілдік жағдаятын сипаттай отырып, оның ерекшеліктерін көрсету, өңірдегі қос және үштілділіктің, көптілділіктің түрлерін айқындау, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің әлеуметтік салалардағы қолданыс аяларын анықтау және тұрғындар арасындағы үштілділіктің даму үрдісіне сипаттама беру, батыс өңірі қалаларының эпиграфикасының құрылымдық-мазмұндық талдауын жасау, эпиграфикадағы тілдердің басымдық қырын айқындау;

- Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық көрінісіне тұрғындар арасындағы қазақ, орыс, ағылшын тілдері қолданыстарының динамикасын анықтау арқылы өңір тұрғындарының ауызекі сөйлеуіндегі кодтардың араласуы мен алмасу үдерісінің ерекшеліктеріне әлеуметтік лингвистикалық талдау жасау арқылы баға беру;

- бүгінгі күнгі қазақстандық тілдік саясаттың негізгі және жаңашыл мәселесі ретінде қарастырылған «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасы аясында жүзеге асырылған көптілді білім беруге (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) әлеуметтік лингвистикалық талдау жасап, оның қазіргі жай-күйінің құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындай отырып, болашағы туралы тұжырымдар жасау және Қазақстанның батыс өңіріндегі тілдік және этнотілдік жағдаяттың ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеуге арналған ғылыми-практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі әлеуметтік лингвистика мен тілдік қатынастар саласындағы, тілдік және этнотілдік жағдаяттың әлеуметтік лингвистикалық мәнін ашуға арналған (Ч. Фергюсон, В.А. Аврорин, В.А. Виноградов, Н.Б. Мечковская, Л.Б. Никольский, А. Павленко, Г.В. Степанов, А.Д. Швейцер, Э.Г. Туманян, Ю.Д. Дешериев, А.Н. Биткеева т.б.); жаһандық билингвизм мен транслингвизм саласының теориясы мен практикасының мазмұндық-құрылымдық қырлары ашылған (Я. Андроутсопуолос, Я. Бломмаэрт, О. Гарсия, С. Канагараджах, В. Ли, А. Пенникук, А.А. Ривлина, Э. Шнайдер т.б.); тілдік ландшафтты зерттеуге бағытталған (П. Бакхаус, Э. Бен Рафаэль, Р. Боурхис, Р. Ландри т.б.) шетелдік ғалымдардың еңбектері; қазақ-орыс және орыс-қазақ көптілділігі саласындағы, қазақстандық тілдік және этнотілдік жағдаяттың теориялық, тәжірибелік

қырлары мен ерекшеліктері анықталған отандық ғалымдардың еңбектері (Б. Хасанұлы, А.Е. Карлинский, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Ш. Құрманбайұлы, Б.Ж. Курманова, Қ. Текжанов, А. Құмарова, А. Абасилов, Э.Д. Сүлейменова, Д.Х. Ақанова, О.Б. Алтынбекова, Ж.С. Смагулова, М.Т. Тезекбаев, С.А. Шункеева, А.Р. Жикеева, Д.Б. Акынова, Н.Ж. Шәймерденова, А.Ж. Суюнбаева, А.Ш. Акжигитова т.б.) мен тілдік және этнотілдік жағдаят бағытында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері негізінде қалыптастырылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде:

- Қазақстан Республикасында 1999, 2009 және 2021 жылдарда жүргізілген Ұлттық халық санағының деректері;

- 2021-2024 жылдары батыс өңір тұрғындары арасында жүргізілген сауалнамаға қатысқан 1456 респондент жауабы мен батыс өңірдің төрт облысындағы іргелі ЖОО көптілді білім беру топтары студенттері арасында арнайы жүргізілген 400 респондентті қамтыған әлеуметтік лингвистикалық сауалнама деректері;

- Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазбалары;

- Студенттердің спонтанды сөйлеу тәжірибесінде бір тілден екінші тілге ауысуын анықтауға арналған 30 қысқаша сұхбат деректері;

- Қазақстанның батыс өңіріндегі коммерциялық нысан иелерімен жүргізілген сұхбат деректері;

- 2ГИС (<https://2gis.kz/>) онлайн базасынан алынған Қазақстанның батыс өңірінің төрт қаласының эргоурбонимдері туралы ресми ақпарат қолданылды.

Зерттеу жұмысының әдістері: теориялық әдістер: талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жіктеу; арнайы әлеуметтік лингвистикалық әдістер: сауалнама, сұхбат, бақылау, тілдік ландшафт әдісі; лингвистикалық сипаттау әдісі; деректерді математикалық және статистикалық өңдеу әдісі.

Диссертациялық жұмыстың **ғылыми жаңалығы**. Қазақстанның батыс өңіріндегі қазіргі тілдік және этнотілдік жағдаят теориялық тұрғыдан сарапталып, оларға талдау жасалды, даму үрдісі мен ерекшеліктері анықталды. Қазақстанның батыс өңіріндегі этнотілдік жағдаяттың жіктеуі жасалды. Отандық лингвистикада алғаш рет тілдік және этнотілдік жағдаяттың жаңа құбылыстары ретінде транслингвалды және транскрипталды тәжірибелерге талдау жүргізіліп, батыс өңірдегі транслингвизм құбылысының пайда болу үдерістері анықталды. Батыс өңірдегі қалалық кеңістіктегі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қолданылу ерекшеліктері айқындалып, әрбір тілдің нысан атауларында өзіндік символдық-мағыналық рөл атқаратындығы анықталды.

Зерттеу жұмысының **теориялық маңызы**. Диссертациялық зерттеуде әзірленген жалпы теориялық қорытындылар өңірдегі тілдік жағдаятты, көптілділікті және тілдердің өзара әрекеттесуі мәселелерін қарастыруда маңызды болып табылады, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың одан әрі дамуына үлес қосады.

Жүргізілген зерттеудің **практикалық құндылығы** оның нәтижелерінің

«Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», «Әлеуметтік лингвистика», «Психолінгвистика» пәндерін оқытуда қолданылуымен айқындалады. Зерттеу барысында жасалған ғылыми-практикалық ұсыныстар Қазақстан Республикасында тіл саясатын жүзеге асыруда тірек құрал бола алады. Сонымен қатар жазып алынған Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қолдануына байланысты 496 фрагментті қамтитын, ұзақтығы 125 минутқа созылатын спонтанды ауызекі сөйлеу тілінің аудиожазба материалдары Ұлттық корпусстың ауызша ішкі корпусын толықтыра алады және өзге зерттеулерге арқау бола алады.

Зерттеу жұмысының құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз тараушадан, үш бөлім бойынша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 38 кестеде, 41 суретте көрініс тапты. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 194 атау енеді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 193 бетті құрайды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тілдік жағдаят әлеуметтік лингвистиканың негізгі мәселесі ретінде көпқырлылық сипатқа ие, оның компоненттерін белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі қолданыстағы тілдер және олардың әлеуметтік салаларда қолданылуының иерархиялық орналасуы, қостілділік пен көптілділік, транслінгвизм құраса, этнотілдік жағдаяттың компоненттерін әкімшілік-аумақтық қауымдастықта немесе өңірде орналасқан этностардың саны мен олардың қолданысындағы ана тілдері және этнотілдік жағдаяттың жіктеуінің негізгі көрсеткіштері – өңірдегі этнотілдік әртүрліліктен бастап этносішілік бірігу өлшемдері құрайды.

2. Тілдік жағдаят пен этнотілдік жағдаяттың арақатынасы вертикалды (тілдік жағдаят) және горизонталды (этнотилдік жағдаят) күйде болады. Егер тілдік жағдаятты тілдер және олардың әлеуметтік қолданысы құраса, этнотілдік жағдаят этностардың белгілі бір кеңістікте орналасуы және ана тілдерінің қызметтік аясы мен этносішілік үдерістер болып табылады.

3. Қазақстанның батыс өңірінің тілдік жағдаяты көп компонентті, теңгерілмеген, экзоглосты, көп полюсті, гетерогендік, әлеуметтік салаларда кеңінен қолданылатын екі басым тілі (қазақ және орыс тілдері) бар тілдік жағдаят деп сипатталады. Қазақстанның батыс өңірінің этнотілдік жағдаяты көпэтносты және генетикалық туыстығы мен байланыстары жағынан ұқсас және әртүрлі болып келетін этностар тілінен тұрады.

4. Батыс өңірдегі басымдыққа ие қазақ және орыс тілдері мен тілдік жағдаятқа еніп жатқан ағылшын тілінің салалық талдауы қазақ тілінің көрсетілген тілдерден демографиялық қуатының басым екенін, әлеуметтік қолданысының және коммуникативтік қуатының нығайып жатқанын айқындайды. Оның дәлелі өңірдегі өзге ұлт өкілдерінің (татар, өзбек, қарақалпақ, ұйғыр) ана тілі ретінде қазақ тілін таңдауы қазақ тілінің нығаюын көрсетеді.

5. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің қызметтері қалалық кеңістік саласында неғұрлым айқын көрінеді. Қалалық кеңістіктегі қазақ, орыс және

ағылшын тілдерінің тұрғындар арасындағы күнделікті қызметін қала эпиграфикасындағы жергілікті коммерциялық объектілер атауларынан айқын көруге болады. Коммерциялық нысан иелерімен арнайы сұхбат барысында көптілді атаулардағы қазақ тілі элементтерінің таңдалуы жергілікті ерекшеліктерді көрсетеді, ұлттық сезім мен мақтанышты айшықтайды және де сұлулық пен сенімділіктің кепілі болып табылып, қазақ мәдениеті мен ұлттық дәстүрді бейнелейді. Ал көптілді атаулардағы ағылшын тілінің қолданылуы тартымдылықты арттыру құралы ретінде қызмет етіп, заманауилық, жоғары сапа, инновация, техникалық прогресс, мәртебе ретінде қызмет атқарса, орыс тілді элементтердің болуы тұрақтылықты, адамның адалдық қасиетін, достық сезімді және қалыптасқан кейбір ортақ дәстүрлерді көрсетеді.

6. Білім беру саласының бір бағыты ретінде көптілді білім беру аймақтағы тілдік жағдаятқа көптілділіктің жаңа бағытын әкелуде. Оның дәлелі – Қазақстанның батыс өңірі студент жастарының сөйлеу тілінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір мезгілде қолданулары және де бұл үш тілді кәсіби меңгерген бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған білім берудегі үштілділік саясатының нәтижесі. Көптілді топтар соның ішінде бір компоненті ағылшын тілі болып табылатын көптілділік Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа құбылыс ретінде білім беру саласында қарқынды дамып, қазіргі кезде пайда болып жатқан транслингвизм құбылысының қайнар көзіне айналуда. Бұл құбылысты студенттердің спонтанды ауызекі сөйлеуіне транслингвалды талдау жасау арқылы дәлелдеуге болады.

Диссертациялық жұмыста жасалған тұжырымдардың дұрыстығы, дәйектілігі зерттеудің кешенді әдістемесін қолдану, қарастырылып отырған мәселе бойынша ауқымды теориялық материалды пысықтау, жүргізілген түрлі талдау, сараптаулар мен репрезентативті тілдік материалдар арқылы қамтамасыз етіледі.

Диссертациялық жұмыстың жарияланымы және апробациясы (мақұлдануы).

Зерттеу жұмысының негізгі бөлігі бойынша 5 жұмыс жарияланды:

Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін журналда жарияланған еңбек:

1. Multilingual Practices in the Students' Microcommunity // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). – 2023. – Vol. 11, Iss. 1. – P. 146-159. Процентиль 83%, Q1 // ISSN:2329-2210

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Trends in the development of the language situation in Aktobe region (on the material of the language skills level among population) // «Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4. – С. 153-162.

2. О формах существования казахского и русского языков в языковой ситуации Актюбинской области // Евразия гуманитарлық институты хабаршысы. – 2022. – № 3. – С. 50-61.

3. Қазақстан Республикасының батыс бөлігіндегі тілдердің қолданысының әлеуметтік-лингвистикалық көрінісі // «Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия». – 2023. – №2. – Б. 318- 335.

Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен жарияланған монография:

1. Языковая и этноязыковая ситуация Актюбинской области. – Монография. – Ақтобе: ПринтА, 2023 – 194 с.

Диссертациялық зерттеу жұмысы келесі **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды: (19.09.2022. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының Заңы: 11.07.1997. № 151 (20.12.2004 №13; 01.21.2013 №72-V; 30.04.2021 №34 VII; 24.11.2021 №75-VII; 29.12.2021 №94-VII; 19.04.2023 №223-VII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 27.07.2007 № 319-III (24.10.2011 №487-IV; 03.07.2013 № 121-V; 04.07.2018 № 171-VI; 27.12.2019 № 294-VI; 27.06.2022 № 129-VII; 23.02.24 №64-VIII берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы;

- Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы;

- «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан;

- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір;

- «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 жылғы 2 қыркүйек;

- «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жылғы 1 қыркүйек;

- «Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Высшее образование. Языки триединства (казахский, русский и иностранный языки)» (Кунанбаева С.С.) ГОСО РК 6.08.085-2010 Алматы, 2010.